

**Отырар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 18/87-VI "Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 тамыздағы № 45/213-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 қыркүйекте № 5179 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 2/16-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 12.05.2023 № 2/16-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Отырар ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Отырар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 18/87-VI "Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4227 тіркелген, 2017 жылғы 13 қазанда "Отырар алқабы" газетінде және 2017 жылғы 17 қазанда Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

қосымшада:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"

6	Емханалар	1 келіп кету	0,28
---	-----------	--------------	------

";

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
---	---	--------------	-----

";

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,0001
---	--	-----------------	--------

";

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,2
----	---	-----------------	-----

";

реттік нөмірі 14 және 15-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	1,23
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	-

";

реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын.

2. "Отырар ауданының маслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Түркістан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Отырар ауданының мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*К. Нуркулов  
М. Манапов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК